

Кейбір қаулыларға өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігінің 2007 жылғы 7 желтоқсандағы N 342 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 9 қаңтарда N 2466 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО әкімдігінің 2009 жылғы 29 қазандағы № 237 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО әкімдігінің 2009.10.29 № 237 қаулысымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 4-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік коммуналдық меншік мүлкін пайдаланғаны үшін төленетін жалдық ақының базалық ставкаларын, қолданылатын коэффициенттер мөлшерлері мен есеп айырысу ставкаларын анықтау тәртібін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2006 жылғы 22 тамыздағы N 730 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2430 болып тіркелген, 2006 жылғы 12 қыркүйектегі N 93 (15713) "Дидар", 2006 жылғы 12 қыркүйектегі N 140 (18176) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған):

аталған қаулының 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.";

2) "Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік коммуналдық меншік мүлкін пайдаланғаны үшін төленетін жалдық ақының базалық ставкаларын, қолданылатын коэффициенттер мөлшерлері мен есеп айырысу ставкаларын анықтау тәртібін бекіту туралы" 2006 жылғы 22 тамыздағы N 730 қаулыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 24 мамырдағы N 136 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2447 болып тіркелген, 2007 жылғы 27 маусымдағы N 73-75 (15826) "Дидар", 2007 жылғы 27 маусымдағы N 95 (18333) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған):

аталған қаулының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.".

2. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің міндетін атқарушы

К е л і с і л д і :
Облыстың экономика және бюджеттік
жоспарлау департаментінің директоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК